

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Абаева Наргиза Талгатовна

nargiza,abayeva@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің 3 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – экономика ғылымдарының кандидаты, ЕҰУ доценті,

Кайранбеков Б.О.

Орал қаласы – Батыс Қазақстан облысының орталығы. Ол Қазақстанның солтүстік батыс аймағында орналасқан. Ресей Федерациясының Астрахань, Волгаград, Саратов, Самара, Орынбор облыстарымен және Қазақстанның Атырау, Ақтөбе облыстарымен шекарасы бар. Каспий ойпатының солтүстік беткейінде орналасқан. Орал қаласы жақын маңдағы елді мекендерді қоса есептегенде 700 шаршы км астам жер көлемін алып жатыр. Қаланың ені солтүстіктен оңтүстікке қарай – 8 км, батыстан – 12 км. Қалада 100-ден астам ұлт өкілдері тұрады. Қала халқының жалпы саны – 240 мың адам. Ағаш егістерінің жалпы көлемі 6000 гектар, тұрғын үй қоры – 4 млн. шаршы метрден астам. Орал қаласы Жайық өзені ағыстарының орта оң жақ бойында орналасқан. Өзен бойы өте әдемі, көк орай шалғынды, ағаш, бұталы. Қала маңында ағып жайыққа келіп құйылатын Деркөл, шаған өзендерінің де табиғи ерекшелігітері мол. Зачаганск және Круглоозерное поселкелері арасында Свистун гора деген үстірттеу жер бірден көзге шалынады. Орал жас көшеті мол қала, мұнда екі тоғай және үлкен бақ бар. Облыс 1932 ж. 10 наурызда Орал облысы болып құрылған. 1996 жылдан Батыс Қазақстан облысы болып аталады. Жерінің аумағы 151,3 мың км², тұрғындары 646 828 адам (2018). Әкімшілік жағынан Батыс Қазақстан облысы 12 ауылдық, 2 қалалық әкімшілік ауданға, олар 4 кенттік және 155 ауылдық әкімшілік округтерге бөлінген. Облыстағы 539 елді мекеннің тұрғындары біркелкі орналаспаған. Халықтың орташа тығыздығы 1 км²-ге 4,0 адамнан келеді (1999). Солтүстік аудандарда және Жайық өзенінің аңғарында халық жиі қоныстанған (1 км²-ге 9 — 12 адам). Қала халқы бүкіл халықтың 49,1% құрайды. Қалалары: Орал, Ақсай; ірі кенттері: Бөрілі, Деркүл, Зашаған, Круглоозерное, Чапаев, Тасқала, Шыңғырлау.

1. Облыстың әкімшілік аумақтық бөлінісі және халқы

Батыс Қазақстан облысының қазіргі таңдағы демографиялық жағдайы, яғни халықтың өсіп-өнуі қоғамдық заңдылықтарға байланысты үнемі өзгеріс үстінде болғанын көреміз. Батыс Қазақстан облысы еліміздің ең қиыр батысында, климаты күрт континентальды үш табиғи зонада орналасқан, территориясының басым бөлігін шөл және шөлейт зоналары алып жатыр. Халықтың тығыз қоныстануына өз ықпалын тигізетін факторлардың бірі - су. Облыс территориясында су көзі біркелкі таралмаған, негізгі су көзі Жайық өзені және оның салалары болып табылғандықтан, көп аудандарында суармалы егістікпен шұғылдануға мүмкіншілік жоқ. Басты егін шаруашылығы және қосымша егіншілік бағытында Бөрілі, Теректі, Зеленов аудандары айналысады және осы аудандарда елді мекендер мен тұрғындар жиі қоныстанған. Сондықтан да тұрғындардың облыс территориясында табиғи ерекшеліктерге байланысты орналасуы әрқелкі. Оңтүстіктен солтүстікке жылжыған сайын халықтың тығыздығы арта түседі. Батыс Қазақстан облысы халқының саны жөнінен республикада 12 орында, Қазақстан Республикасының 14 әкімшілік облысының ішінде халқының саны жөнінен Атырау және Маңғыстау облыстарының алдында тұр. 2008 жылғы есеп бойынша Батыс Қазақстан облысының территориясында 615,3 мың адам тұрады. Ал 2018 жылдың басындағы есеп бойынша Батыс Қазақстан облысының территориясында 612 551 адам тұрады. Халық санының бірнеше жылдар ішіндегі өзгеру бағытын мына кестеден байқауға болады:

Кесте 1. 2018 жылғы облыстың әкімшілік-аумақтық бөлінісінің халық саны

№	Қала, аудан атауы	Халық саны, адам
1	Ақжайық	41.1
2	Бөкей ордасы	16.9
3	Бөрлі	54.7
4	Жаңақала	23.7
5	Жәнібек	16.7
6	Зеленов	54.6
7	Казталов	31.5
8	Қаратөбе	16.4
9	Сырым	20.9
10	Тасқала	38.6
11	Шыңғырлау	17.1
12	Орал қаласы	265.9

1 кесте мәліметтеріне сүйене отырып, 2018 жылғы облыстың әкімшілік-аумақтық бөлінісі бойынша халық саны көрсетіліп отыр. Кестедегі мәліметтер бойынша, Орал қаласы, Бөрлі ауданы халық санының едәуір бөлігін алып отырғанын көруге болады және сәйкесінше Қаратөбе ауданы, Жәнібек ауданындағы халық саны аз екенін көруге болады.

Батыс Қазақстан экономикалық ауданы республикада халық саны жөнінен үшінші орын алады. Халықтың жалпы саны-612,5 мың адам, орташа орналасу тығыздығы 1км-ге 2,9 адамнан келеді. Бұл ауданда халықтың орналасу тығыздығы солтүстіктен оңтүстікке қарай кеми түседі.Себебі солтүстікте далалық алқаптар, Жайық өзенінің аңғарлары егін егуге өте қолайлы.Соңғы жылдары Маңғыстау, Ембі, Орал халқының саны айтарлықтай артты.Себебі, мұнай мен газдың игерілуіне байланысты көптеген жаңа елді мекендер бой көтерді.

Қазан революциясынан кейінгі жылдары өнеркәсіптің дамуы мен жаңа жерлердің игерілуіне байланысты Батыс Қазақстан халқының саны айтарлықтай өсті .Алайда бұл аудан қазіргі кезде де халық сирек қоныстанған аудан күйінде қалып отыр.Мұнда Қазақстан халқының 12,8%-ы ғана тұрады.

Кесте 2. Қалалық және ауылдық халық саны

№	Көрсеткіштер	Адамдар саны				Ауытқу	
		2017ж		2018 ж		(+; -)	%
		мың адам	%	мың адам	%		
1	Қалалық	275.6	33,7	293.1	39,9	17.5	106
2	Селолық	312.7	66,3	317.1	60,1	4.4	101
5	Барлығы	588.3	100	610.2	100	21.9	107

Е с к е р т у—stat.gov.kz сайтының мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

2 кесте мәліметтеріне сүйене отырып, 2017-2018 жылғы мәліметтерді салыстыра отырып, қалалық және селолық адамдар саны қарастырылып отыр. 2018 жылы 2017 жылға қарағанда қалалық адамдар саны 17.5 мың. адамға көбейген немесе 6 пайызға өскен, сәйкесінше селолық адамдар саныда 4.4 мың. адамға өскен немесе 1 пайызға жоғарылаған.

Кесте 3. Халықтың табиғи қозғалысы

№	Көрсеткіштер	Адамдар саны				Ауытқу	
		2017 ж		2018 ж		(+; -)	(%)
		мың адам	(%)	мың адам	(%)		

1	Туылғандар саны	77,9	66	80,8	66,3	2,9	103
2	Өлгендер саны	11	12	12,8	12,1	1,8	106
3	Некелесулер саны	23,7	19	24,8	18,4	1,1	104
4	Ажырасулар саны	4,4	3	3,6	4,2	-0,8	81
5	Барлығы	118	100	122	100	5,6	99,8
Е с к е р т у – stat.gov.kz сайтының мәліметтері негізінде автормен құрастырылған							

3 кесте мәліметтеріне сүйене отырып, 2017-2018 жылғы мәліметтерді салыстыра отырып, халықтың табиғи қозғалысы қарастырылып отыр. 2018 жылы 2017 жылға қарағанда туылған адамдар саны 2,9 мың. адамға артқан немесе 3 пайызға өскен, сәйкесінше қайтыс болған адамдар саны 1,8 мың. адамға артқан немесе 6 пайызға өскен және де некелесулер саны 1,1 мың. адамға артқан, ал ажырасулар саны 0,8 мың. адамға кеміген.

Өнеркәсібі

2018 жылдың қаңтар-желтоқсанына өнеркәсіп өнімдерінің жалпы көлемі 165944,4 млн.теңге, нақты көлем индексі былтырғы жылмен салыстырғанда 113% құрады, оның ішінде:

- тау-кен өндірісі-796,9 млн.теңге, 48,8%;
- өңдеу саласында-118543,3 млн.теңге, 124,3%;
- электрмен қамту, бу, газ беру және ауамен баптау саласында-41895,5 млн.теңге, 93,9%;
- сумен қамту,кәріз жүйесі, қалдықтарды жинауды және бөлуді бақылау саласында-4708,7 млн.теңге, 65,5%.

Өндірістің жалпы көлемінде негізгі үлес өңдеу өнеркәсібіне тиесілі (71%).

Аталған саладағы өндіріс көлемінің өсуі, өнім өндіру көлемінің өсуімен байланысты: тамақ өнімдері 35%, металлургия өнеркәсібінде 21,3%, химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру 7,1%, қағаз және қағаздан жасалған өнімдер өндіру 98%, машина және жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын өндіру 72%, жиһаздан басқа ағаштан және тоздан жасалған бұйымдарды өндіру-48,6%, резінке және пластмасс бұйымдарды өндіру 54,8%,тоқыма бұйымдары 3,2 есеге, киімдер 3,5%, машина жасау 7,7%.

Өңдеу өнеркәсібінің келесі бағыттары бойынша өндіріс көлемі кеміді:

жиһаз өндіру 2,6%, өзге металл емес минералдық өнімдерді өндіру 4,6%, жазылған материалдарды басып шығару және жаңғырту 4,4%, сусындар 5,9%.

Сонымен бірге, электр қуатын, су мен газды өндіру және тарату кәсіпорындарында өндірілген өнім көлемі 41,9 млрд.теңгені құрап, ол былтырғы жылдың индексінен 6,1% төмен болып отыр.

Сумен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау 4,7 млрд.теңге құрады, ол былтырғы жылдың индексінен салыстырғанда 34,5% төмен.

2018 жылы ИИДМБ және Индустрияландыру картасы шеңберінде 84 жұмыс орын құрылумен 2,5 млрд теңге 5 жоба іске қосылуда: «Агран» ЖШС-сэндвич-панель өндірісі. Құны-800 млн. теңге.Қуаттылығы-жылына/500 мың шаршы метр.Жұмыс орны-20.

«Топан» ЖШС-химиялық өндіріс базасының құрылысы. Құны-854 млн.теңге.Қуаттылығы-жылына 4000 тонна. Жұмыс орны-40.

«Кублей» ЖШС-жануарлардан алынатын қалдықтарды өңдеу бойынша цехтың құрылысы. Құны-551,6 млн.теңге. Қуаттылығы-тәулігіне 30 тонна.Жұмыс орны-5.

«Хасанов» ЖК-кондитерлік өнімдер өндіріс цехын жаңғырту. Құны-94,4 млн. теңге.Қуаттылығы-жылына 52 мың тонна. Жұмыс орны-10.

«GLOBAL Procurement» ЖШС-бетондық араластыратын түйін. Құны-256 млн. теңге. Қуаттылығы-жылына 2112 жол плитасы,2208 іргетас блогы.Жұмыс орны-9.

Шаруашылығы

Қаланың аграрлық секторында 58 ауыл шаруашылық құрылымдар бар, соның ішінде–1 мемлекеттік кәсіпорын (сорт сынау бойынша инспектура), 12 жауапкершілігі

шектеулі серіктестік, 36 шаруа қожалығы және 9 басқа да жер пайдаланушылар жұмыс істейді. Ауыл шаруашылық құрылымдарының негізгі бағыты, өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру және соның тек қана 12%-ы қосымша мал шаруашылығымен айналысады.

2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы шығарылымы 7708,2 млн. теңгені құрады, өткен жылғымен салыстырғанда өсу қарқыны 95,2%, соның ішінде өсімдік шаруашылығының өнімін өндіру – 5062,6 млн. теңгені құрайды, мал шаруашылығы – 2608,0 млн.теңге құрады.

Мал шаруашылық өнімдерін өндіру көлемі тұрғындардың шаруашылық үлесіне басым болып отыр. Мәселен, 2018 жылы сүт өндіру–100,2% құрап отыр. Жұмыртқа өндіру көлемінің негізгі үлесін «Орал құс фабрикасы» ЖШС ауыл шаруашылық кәсіпорыны алады.

2018 жылдың желтоқсан айында былтырғы 2017 жылдың өткен кезеңімен салыстырғанда – қозы 1088 бас немесе 3,2%, құс 349,9 мың бас немесе 10,1% өскені байқалып отыр.

Сондай-ақ сүт өндірісі 0,2%, жұмыртқа 11,1%-ға өсті.

Ет өндірісі 57,3%, ИҚМ 8,4%, сиыр 1,9%, қой 2,7%, жылқы 2,7%, шошқа 0,4% кемігені байқалып отыр.

ИҚМ мен сиыр басының кемуі «Орал ауылшаруашылығы тәжірибе станциясы» ЖШС мал бастары бруцеллез ауруына шығып, бүгінде 316 бас сиыр сойылып, сатылды. Қазіргі уақытта сауықтыру жұмыстары жүргізілуде.

Ет өндірісінің кему себебі өткен жылғы осы айда «Кублей» ЖШС статистика органдарына 24 аш есебін ұсынған болатын. Алайда, «Кублей» ЖШС мал басын өсірумен емес, шаруа қожалықтарынан қабылдап қайтаөңдеуіне байланысты ағымдағы жылы 1п есебін тапсырып отыр, сол себепті ет өндірісі көрсеткішінің төмендеуі байқалып отыр. Шошқа, қой және жылқы басының кемуі жем-шөптің қымбаттауына және өз қажеттілігіне жұмсауына байланысты. Тұрғындарды көкөністермен қамтамасыз ету мақсатында Орал қаласында жалпы көлемі 38,1 мың шаршы метр болатын 8 жылыжай шаруашылығы жұмыс істейді.

Шағын кәсіпкерлік

2019 жылдың 1 қаңтарына қаладағы есепті деректер бойынша 30 752 шағын және орта кәсіпкерлік (әрі қарай-ШОК) субъектісі тіркелген, (соның ішінде 6 223 заңды тұлға, 24 529 жеке кәсіпкерлер). Тіркелген ШОК субъектілері ішінде 23 894 (4 274 заңды тұлға, 19 620 жеке кәсіпкер) қолданыста, яғни тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 77,7%-н құрап, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 8,8%-ға өскен.

2018 жылдың 1 қазанына ШОК саласында еңбек ететіндер саны 76665 адамды (38474 заңды тұлға, 38191 жеке тұлға) құрайды, 2017 жылдың 1 қазанына 5,2%-ға өскен.

ШОК субъектілерімен 2018 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 314,7 млрд. теңге сомасында өнімдер (жұмыстар, қызметтер) өндірілді немесе 2017 жылдың осы кезеңіне 85,1% құрайды.

2019 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша ШОК субъектілерінен мемлекеттік бюджетке төленген салық көлемі 28 344,2 млн.теңге, соның ішінде жергілікті бюджетке төленген салық көлемі 9 920,5 млн.теңге.

2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында ШОК субъектілеріне 313(40,2га) жер учаскелері бөлінді. Оның ішінде сатып алынғаны - 76(9,56га).

Сонымен қатар 216 оңды қорытынды тұрғын үйлердің бірінші қабаттарын қайта жоспарлауға және жабдықтауға берілді, сонын ішінде: 64 дүкен, 28 кафе, 8 СҮ, 16 автокешен, 8 дәріхана, 14 сұлулық салоны, 36 кеңсе, 2 кондитерлік цех, 4 ресторан, 1 асхана, 2 тіс оңдайтын кабинет, 1 шаштараз, 3 медициналық кабинет, 1 ойын-сауық кешені, 2 балабақша, 1 наубайхана және батут орталығы бар.

2018 жылдың қаңтар-қараша айларында Ұлттық банкінің деректері бойынша екінші деңгейдегі банкілер арқылы шағын және орта бизнес субъектілеріне 32 491,5 млн. теңге несие берілді, оның ішінде қысқа мерзімге – 19 355,5 млн. теңге, ұзақ мерзімге –13 136,0

млн. теңге. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда қысқа мерзімге берілген несиелер 3,1%, ал ұзақ мерзімге берілген несиелер 35,1% өсті.

Бағалар

Батыс Қазақстан облысы статистика департаментінің мәліметтеріне сәйкес барлық тауарлар мен қызметтердің жалпы тұтыну құн индексі 2018 жылдың желтоқсанында ағымдағы жылдың өткен аймен салыстарғанда 100,5%, 2017 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда 105,3% құрады, оның ішінде азық-түлік тауарларына тұтыну құн индексі 100,8% сәйкесінше 104,5% құрап отыр.

2018 жылдың желтоқсанында облыстың тұтыну рыногындағы тауарлар мен қызметтердің бағасы 2017 жылдың желтоқсанымен салыстырғанда 5,3%-ға өсті.

2018 жылғы желтоқсанда азық-түлік тауарларының баға индексі 100,8% құрады. Балық және теңіз өнімдерінің бағалары 0,3%-ға, жұмыртқа - 0,7%-ға, сүт өнімдері - 1,1%-ға, көк шай - 1,6%-ға, қияр және қызанақ - сәйкесінше 32,5% және 34,4%-ға өсті. Қарақұмық жармасы бағасы 0,8%-ға арзандады.

2018 жылғы желтоқсанда азық-түлік емес тауарлардың бағасы 0,6%-ға өсті. Киім және аяқ киім бағалары 0,6%-ға, газеттер, кітаптар және кеңсе тауарлары - 0,7%-ға, үйге қажетті заттар - 0,8%-ға, жуғыш және тазалағыш құралдар - 0,9%-ға, қатты отын - 0,5%-ға, тас көмір - 0,7%-ға қымбаттады.

Бензин 0,2%-ға, дизель отыны 1,4%-ға қымбаттады.

2018 жылғы желтоқсанда ақылы қызметтерге бағалар мен тарифтер 100,2% құрады. Мәдени іс-шаралар саласындағы қызметтер 0,3%-ға, салт-жора қызметтері - 2,5%-ға, мейрамханалар мен қонақүйлер - 2,6%-ға өсті. Жолаушылардың темір жол көлігі қызметінің бағасы 1,1% қымбаттады, жолаушылардың әуе көлігі қызметі 2,7%-ға арзандады.

Қорытындылай келгенде БҚО орталығы болып табылатын Орал қаласы ҚР аумағындағы ежелгі қалаларының бірі. Өзінің бай тарихына, аумақта орын алған әр түрлі саяси ауыр жағдайларға қарамастан Орал қаласы ең көрікті, ауасы таза, жасыл қала атағын алды. Бірнеше рет елбасы қаламызға іс сапарымен келіп, жаңадан ашылып жатқан облыс орталықтарымен танысты. Жасыл қаламыз жылдан жылға даму үстінде. Алда қойылған мынадай бірнеше мақсаттар бар: Азаматтарды жұмыспен қамтудың белсенді түрлерін және әлеуметтік қорғауын дамыту (қоғамдық жұмыстарды, кадрларды дайындауды және қайта оқытуды ұйымдастыру, әлеуметтік жұмыс орындарын құру, тоқсанына 1 рет жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізу, жұмысқа орналасуға көмек көрсету, түлектерді жастар практикасына бағыттау).

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының аясында оқыту, қайта даярлау, жұмысқа орналасуға жәрдемдесу, ауылда кәсіпкерлік негіздерін оқыту және шағын несие ұсыну арқылы дамыту, еңбек ресурстарының ықшамдылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық әлеуеті орташа немесе жоғары ауылдық елді мекендерде инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жолымен халықты жұмыспен қамту бойынша іс-шараларды жүзеге асыру.

Қолданылған әдебиеттер.

1. <http://stat.gov.kz>
2. Демографиялық жылнамалық, Орал-2017 ж;
3. Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуы, ст. жинақ, Орал, 2017ж; 2018ж.